



Автор: КАНИБЕКОВА ЖУЛДЫЗ КАНИБЕКОВНА

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 3- сынып

Бөлім: Компьютер және программалар (ортақ тақырып: «Жанды табиғат»)

Тақырып: Қайталанатын үлгілер

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	3.1.2.1 компьютерлік программалар қолданушының міндеттерін шешу үшін қажет екенін түсіндіру; 3.1.2.2 компьютерлік программаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын пайдалану;
Сабақтың мақсаты:	Барлық білім алушылар үшін: • мәтіндік редакторды қолдана алады, тінтуірдің көрсеткіші мен меңзерді айыра алады. Көптеген білім алушылар үшін: • мәтінді өндейді, мәтінді бөліп, көшіріп, кесіп және қоя алады. Кейбір білім алушылар үшін: мәтіндік редактордың пішімдеу құрал-жабдықтарын қолданады, азат жолын тегістейді.
Тілдік мақсаттар:	Пәндік лексика және терминология • графикалық элементі • бұру • палитра • фотосуреттер • қою • көшіру Диалог құруға/жазылымға қажетті сөздер • Суретті бұру үшін • Суретті көрсету үшін • Суретті бұру үшін ... • Үзіндіні бөліпалу үшін • Оюдан ...тұрады • Мен пішіндерді пайдаланғанымың себебі ... • Мен ...бояу түсін таңдадым
Күтілетін нәтиже:	компьютерлік программаларда файлдарды ашу және сақтау командаларын пайдаланады
Бағалау критерийлері:	графикалық редактордың мүмкіндіктерін сурет салуда және өзгертуде қолданады • графикалық редактордың құрал-жабдықтарын үзінділермен жұмыс жасағанда қолданады; • графикалық редактордың меню командаларын қолданады(мысалы: қиып алу, көшіру, қою, бұру, түстер палитрасы, т.б.); • графикалық редактормен жұмыс барысында дайын фотосуреттерді қолданады .
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Ауа райы, жыл мезгілі туралы әдебиеттік оқу пәнінен алған білімдерін қолданады
Бастапқы білім:	Оқушы компьютер жұмысты жүргізуді білуі қажет. Мысалы, компьютерді қосу, өшіру, тінтуірмен жұмыс жасау, программаларды іске қосу және менюмен жұмыс істей алу сынды жұмыстар. 4 «Компьютердегі сурет» бөлімде оқушылар графикалық редакторда суреттерді салу дағдыларын қалыптастырды.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Оқушыларды топтарға бөлу. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (27 минут)	<p>Ширату тапсырмасы.</p> <p>Қалыптастырушы бағалау: "От шашу" арқылы бір-бірін бағалау.</p> <p>Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда) (Ұ, К, Қ) Сабақты өрнектер көрсетуден бастаңыз. Оқушылардан өрнектердің ерекшеліктерінанықтауын сұраңыз. өрнектегі қайталанатын өрнектергеаса назар аударыңыз. (Т) Оқушыларға геометриялық пішіндерді ұсыныпөрнек құрастыруын ұсыныңыз. (К,Э) Сондай-ақ графикалық редактордыіске қосып «көшіру» «қою» және «бұру», командаларымен зерттеу жүргізулерін ұйымдастырыңыз. Командаларды қайталап қолдануға болады. (Ұ, К) Оқушаларға дайын элементтерден әшекей құрастыруды ұсыныңыз. (Ө, Қ) Құрастырған өрнекте қайда қолданысқа ие бола алатыны туралы талқылауға уақыт беріңіз.</p>	
Сабақтың соңы (5 минут)	<p>Жаңа білім мен тәжірибені қолдану</p> <p>Топтық жұмыс. «Галлерияда ой шарлау»</p> <p>Берілген тақырыпта топтық жұмысы жүргізіліп, әр топтың жұмысы қабырғаға ілінеді де, оқушылар жүріп, аралап, оған әр оқушылар кішкене жапсырма қағазға бағасын беріп, пікірін жазып жабыстырып кетеді. Ең жақсы баға алған топтың жұмысы қаралады. Электронды қосымшамен жұмыс</p> <p>Қалыптастырушы бағалау: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау.</p> <p>Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда)</p>	
Рефлексия (3 минут)	«Нысана» кері байланыс парағы	